

"Тараз қаласында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Тараз қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 485 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 шілдеде № 2688 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Тараз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тараз қаласында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Тараз қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 23 ақпандағы № 183 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 2571 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 наурызында № 12 (1247) "Жамбыл-Тараз" газетінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Тараз қаласы әкімінің орынбасары Маржан Төреғұлқызы Қожаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. Календеров

Тараз қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 25 мамырдағы
№ 485 қаулысына қосымша

Тараз қаласында 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (Бір айға ата-ананың	
--	---	---	--

А т а у ы	і ш і н д е қаржыландырылатын		теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		ақы төлеу мөлшері (теңге)
	республикалық нысаналы трансферттер есебінен	жергілікті бюджет есебінен	республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	жергілікті бюджет есебінен (теңге)	
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар					
Толық күндік шағын орталықтар	1155	1091	13241	12856	5700
оның ішінде:					
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (шағын орталық)	225	0	13241	0	0
Балабақшалар	6318	9197	19165	20723	5700
оның ішінде:					
"Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің "№12 арнайы гастроэнтерологиялық балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны , "Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 17 "Арнайы туберкулездік" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	0	692	0	24672	5700
"Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 6 "Арнаулы логопедтік" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, "Тараз қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 8 "Арнайы логопедтік " балалар бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	0	774	0	22678	5700
Мектепке дейінгі жеке меншік ұйымдар (балабақша)	2733	0	19165	0	0